

1999 жылғы 4 маусымдағы Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық кеңес құру жөніндегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 мамырдағы № 519 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1999 жылғы 4 маусымдағы Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық кеңес құру жөніндегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. 1999 жылғы 4 маусымдағы Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық кеңес құру жөніндегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қ о й ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 8

м а м ы р д а ғ ы

№ 5 1 9

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

1999 жылғы 4 маусымдағы Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық кеңес құру жөніндегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

1999 жылғы 4 маусымдағы Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық кеңес құру жөніндегі келісімге (бұдан әрі – Келісім) қатысушы мемлекеттердің атынан олардың үкіметтері (бұдан әрі – Тараптар) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының салалық ынтымақтастық органдарының

жалпы ережесі туралы 2009 жылғы 9 қазандағы ТМД Мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімін негізге ала отырып, Келісімнің 6-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1.1. Кіріспенің үшінші абзацындағы «1995 жылғы 10 ақпандағы» деген сөздер «2004 жылғы 16 сәуірдегі» деген сөздермен ауыстырылсын.

1.2. Мынадай мазмұндағы баппен толықтырылсын:

«2.1-бап

Осы Келісім Келісімге қатысушы мемлекеттер қатысатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттерін қ о з ғ а м а й д ы . » .

1.3. 5-бап «қабылдамаса,» деген сөзден кейін «әр кезде» деген сөздермен толықтырылсын және одан әрі мәтін бойынша.

2. Келісімге қосымша болып табылатын Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында ынтымақтастық туралы мемлекетаралық кеңес туралы ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2.1. I бөлімнің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеңес өз қызметінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғысын, ТМД шеңберінде қабылданған шарттар мен шешімдерді және осы Ережені басшылыққа а л а д ы . » .

2.2. I бөлімнің 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеңес Үкіметтер басшыларының кеңесіне, Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне, ТМД Экономикалық кеңесіне, сондай-ақ Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Тұрақты өкілетті өкілдерінің кеңесіне және ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссияға есеп береді».

2.3. III бөлімнің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеңес алдында тұрған міндеттерді орындау үшін белгіленген тәртіппен жұмыс т о п т а р ы н к ұ р у ғ а » .

2.4. IV бөлімнің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеңес Келісімге қол қойған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия жөніндегі мемлекеттік органдары басшыларының қатарынан құрылады. Әрбір мемлекет Кеңесте бір дауысқа ие. Кеңестің барлық мүшелерінің келісімімен оның жұмысына ТМД-ға қатысушы болып табылмайтын мемлекеттердің өкілдері бақылаушы ретінде қатыса алады».

2.5. IV бөлімнің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«Кеңестің құрамына кеңес беруші дауыс құқығымен Кеңес хатшылығының басшысы және ТМД Атқарушы комитетінің өкілі кіреді».

2.6. IV бөлімнің 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«Кеңесте төрағалық етуді осы Келісімге қатысушы мемлекеттер атауларының орыс әліпбиіндегі тәртібімен Тараптардың әрқайсысының атынан олардың өкілдері кезек-кезек, әдетте, бір жыл бойы жүзеге асырады. Кеңестің бұрынғы және келесі төрағалары оның тең төрағалары болып табылады».

2.7. IV бөлімнің 5-тармағындағы «екі рет» деген сөздер «кемінде бір рет» деген сөздермен ауыстырылсын.

2.8. IV бөлімнің 6-тармағындағы «кемінде үштен екі» деген сөздер «жартысынан артық» деген сөздермен ауыстырылсын.

2.9. IV бөлімнің 13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«Кеңес хатшылығының функциялары ТМД Атқарушы комитетінің тиісті құрылымдық бөлімшесімен бірге Кеңеске төрағалық ететін осы Келісімге қатысушы мемлекеттің баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия жөніндегі мемлекеттік органына жүктеледі.

Кеңес хатшылығының функциялары жүктелген органның өкілі Кеңес хатшылығының басшысы болып, ал ТМД Атқарушы комитетінің өкілі хатшылық басшысының орынбасары болып табылады.

Тараптар Кеңеске және оның хатшылығына олардың функцияларын атқаруда қажетті жәрдем көрсетеді».

2.10. V бөлімнің 2-тармағы алып тасталсын, ал V бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеңес отырыстарын өткізуді қаржыландыруға байланысты тиісті шығыстар қабылдайтын Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік билік органдарының есебінен жүзеге асырылады. Кеңес мүшелері мен отырысқа қатысушылардың іссапар шығыстарын Келісімге қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік билігінің тиісті жіберуші органдары жүзеге асырады».

2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

2013 жылғы «__» _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның расталған көшірмесін жолдайды.

<i>Әзербайжан Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының Ресей Үкіметі үшін</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Армения Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының Тәжікстан Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Беларусь Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының Түрікменстан Үкіметі үшін</i>	
<i>Қазақстан Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының Өзбекстан Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Қырғыз Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының Украина Үкіметі үшін</i>	
<i>Молдова Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК